Өкім № 15.
05.02.2026 ж.

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 35,37 баптарына және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 6-тармағына сәйкес ӨКІМ ЕТЕМІН:

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 28 тармақшасына сәйкес көшелерді жарықтандыру желісіне 1 фазалы есептегіш құралдарды орнату жұмыстары көзделген сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бас маман М.Шынболатов «Энергосистема» ЖШС-не веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Жаңақоныс ауылдық округінің әкімі **С.Боранбай**